3D

+CD

Көркем еңбек

7 сынып

БАСПА ИЗДАТЕЛЬСТВО БАСПА ИЗДАТЕЛЬСТВО

КІРІСПЕ

Қымбатты достар!

Міне, білім мен икемділіктің ірелең жотасын бойлап, қадам басып, көтеріліп келе жатқандарыңа жетінші жыл. Әрбір қадам сендерді ақылды, шыдамды етеді, келешек өмірге дайындайды. Әрине, сендер әлі де көп оқисыңдар, үйренесіңдер. Қажетті тәжірибе жинап, табыс көзі болатын, сонымен қатар өмірде өздеріңді қанаттандыратын, сенімді серіктес әрі дос болатын өз жұмыстарыңды – кәсіптеріңді таңдауларың қажет болады.

Қазірдің өзінде болашақ туралы ойлануларың қажет. Ғылымның, мәдениеттің, өнердің көптеген салалары бойынша білімі мен ептілігі бар адамдар үшін өмір жолы жеңіл болады. Оған әрдайым жетілдіріліп келе жатқан ақпарат ағыны мен техникада бағдар алу қиын болмайды. Бастысы – еңбек етіп, жетістікке жетуге деген ниет болса, жеткілікті.

Еңбек – адамның тұрмыс-тіршілігінің және дамуының тірегі екені бұрыннан белгілі. Мұны өз жетістіктерімен әйгілі болған, еңбектің және оның адамгершілігінің маңызды екенін әрдайым тілге тиек ететін тұлғалардың сөзі дәлелдейді. Қазақтың ұлы ағартушы ақыны Абай Құнанбаев өз қара сөзінде «Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деп жазған. Орыс жазушысы Л. Н. Толстой «Еңбектен басқа еш нәрсе адамның мерейін асырмайды. Еңбексіз адам өзінің адами абыройын ұстап тұра алмайды» деп жазды. Тек еңбектенуге деген ықылас қана жетістіктер шыңына жеткізеді, ал қарымы кең кәсіптер әлемінде өз жолыңды табуға көркем еңбек сабақтары көмектесе алады.

Көркем еңбек сабақтары сенің шығармашылық жігеріңді ашуға, жасампаз ой жүгіртуіңе, шеберлікке талпынуыңа, әр жұмыста жетістікке жету жолын үйренесің және жасаған жұмысыңа тәнті боласың.

Бұл сабақтарда сен жұмысқа шығармашылық тұрғыдан кірісуді, бұрын керексіз әрі қажетсіз көрінген нәрселерден әдемілік пен сәнділікті сезінуді үйренесіңдер және өздерің жасаған жұмысқа тәнті боласыңдар.

Оқулықты құрастыру барысында оның сендер үшін қызықты әрі пайдалы болуына көңіл бөлдік. Оқулық 4 бөлімнен тұрады, әрбір бөлімдегі параграфтар өзара байланысты, бірізділік сақталған. Бұл кітаппен жұмыс жасауды түбегейлі жеңілдетіп, әрбір тақырыпты толық үйренуге мүмкіндік береді. Шығармашылық мәліметтерден басқа, оқулық білімқұмарларға арналған көптеген қосымша ақпараттарды, түсті бояулы суреттерді, өнер туындыларының суреттерін, өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарды, жеке және практикалық тапсырмаларды қамтиды.

Қажетті тарау және параграфты мазмұнына қарап табуға болады. Оқулық басында шартты белгілердің атаулары берілген. Алдыңғы оқулықтардағы сияқты әрбір шартты белгіге қатысты айдар тиісті түстерде берілген. Теориялық материалдар ақшыл қоңыр түсті фреймдерде (1), қосымша қызықты ақпараттар әртүрлі пішінді ақшыл сары фреймдерде берілген (2). Сары жақтауда – сұрақтар (3), практикалық жұмыстардың барлық түрлері, сонымен қатар жеке компьютерде орындалатындары да сарғыш түсті фреймдерде берілген (4). Топпен және жеке орындалатын жұмыстар қызғылт сары (5), ал іздеу жұмыстары қызғылт түсті (6) фреймдерде ұсынылған.

Оқулықтың соңында берілген терминологиялық сөздік пен қауіпсіздік ережелері де жұмыс кезінде пайдалы болады.

Қолдарыңдағы осы кітап жеке тәжірибелеріңде әртүрлі салалар бойынша практикалық дағдыларды иеленуде нағыз көмекші болуға бағытталған. Бұйымның эскизі мен дизайнын өздерің ойластырып дайындайтын боласыңдар, ағаш бұйымдарды сәндей отырып, суретті күйдіріп басу техникасын, кеңістіктік композиция – инсталляция жасауды, электрлік аспаптарды (патронын, штепсель ашасын) монтаждауды және т. б. үйренесіңдер. Электркүйдіргішпен, ағашты өңдеу және ағаштан бұйым жасау құралдарымен, электрмонтаждау жұмыстарының саймандарымен жұмыс істеу дағдыларын игересіңдер. Сату көрмесін безендіру, ұйымдастыру бойынша тәжірибежинақтайсыңдар, шеберлердің жұмысын салыстыра талдауды үйренесіңдер.



Оқулықтағы материал оны ашқан оқушыны тек қана тамашалау үшін емес, әдемілік әлеміне жетелеуге, қызықтыруға, қайталанбас өнер туындыларын жасауды үйретуге бағыттайтындай етіп іріктелген.

Құрметті балалар! Сендерге өнер және техника әлемін тануда және үйренуде табыстар тілейміз. Көркем еңбек сабақтарында алған білімдерің болашақ өмірлеріңде пайдалы болады деген сенімдеміз.

Авторлар

САНДЫҚ-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

§ 5. ПИРОГРАФИЯ ӨНЕРІМЕН ТАНЫСУ

1. Суреттерге қараңдар.
2. Қандай бұйымдарды сәндік, ал қайсыларын қолданбалыға жатқызуға болады? Оларды не байланыстырады?
3. Суретті күйдіру арқылы ағаштан басқа қандай материал бетіне түсіруге болады?

Күйдіру
Выжигание
Pyrography

Пирография – ағашты сәндеп-әрлеудің бір түрі. Сурет ағаштың бетіне қыздырылған иненің көмегімен түсіріледі.

Пирографиямен қобдишалар, ыдыс-аяқ, киім ілгіштер, ескерткіштер, панно, картина және т. б. интерьер бұйымдарын сәндейді.

Пирографияның тақырыбы рәміздік таңбалар мен белгілер, пиктограммалар, өрнектер, қаріптер, жазулар, нақыл сөздер, суреттер, мысқыл суреттер, натюрморт, портреттер, сюжеттер және басқалар болуы мүмкін.

Күйдірудің бірнеше түрлері бар – пирография, пиротипия, қышқылмен күйдіру, ысу арқылы, алауда немесе ыстық құммен, үлкейткіш шынымен күйдіру.

Жоғарыда берілген ағашты күйдіру техникалары туралы қосымша материал жинаңдар. Презентация дайындаңдар.

Адамдар ағашты күйдірумен жүздеген жылдан бері шұғылданып келеді. «Пирография» термині Англияда пайда болды. Алғашында ағашқа қыздырылған көсеумен сурет салу осылай аталған. Басқа тарихи көздерде пирография техникасы ежелгі неміс тәсілдерінен қабылданған деп айтылады, сол уақыттарда күйдіру айтарлықтай қарапайым түрде, қыздырылған шегенің көмегімен орындалған.

«Пирография» терминінің грек тілінен аудармасы «отпен сурет салу» дегенді аңғартады.

XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында пирография үшін Paquelin хирургиялық аппараты қолданылды.

Мұндай аппараттар мен құрылғылар спирт немесе газды жанарғыларда қыздырылған.

Суретті күйдіріп басу электркүйдіргішпен орындалады. Ол корпусынан, пластмасса сабына бекітілген күйдіргіш ұштықтан және оларды біріктіретін электр сымынан (бау) тұрады. Ұштықтағы қыздыру температурасы аспаптағы реттегіш тұтқа арқылы орындалады.

Күйдіргіш жиынтығында алуан түрлі өрнектер мен суреттерді күйдіріп салуға мүмкіндік беретін ауыстырмалы ұштықтар жиыны болуы тиіс.

Күйдіруге арналған электрлік қол аспап

Гравирлеу және күйдіруге арналған құрама аспап

VL4050 күйдіруге арналған лазерлік аспап

Түрлі ақпарат көздерін пайдаланып, электркүйдіргішті таңдау (сатып алу) кезінде ең бірінші неге көңіл аудару қажеттігін талдаңдар. Өз жұмыстарында электркүйдіргіштің қандай түрін қолданар едіңдер? Неліктен?

Мектеп шеберханасындағы электркүйдіргішті қарап шығыңдар және оның негізгі бөлшектерін атаңдар.

Үй жағдайында немесе мектеп шеберханасында электркүйдіргішті қолдан жасап алуға бола ма? Жауаптарыңды қосымша ақпараттармен толықтырыңдар.

Өткенді қайталап, кестені толтырыңдар.

Ағаштың физикалық қасиеттері	Ағаштың механикалық қасиеттері	Ағашты өңдеу әдістері	Ағаштан жасалған бұйымдарды көркем безендіру

Электркүйдіргіштің қыздырылатын ұштықтары

Электркүйдіргішпен жұмыс істегенде абайлау қажет, қызған құралмен денені қатты күйдіріп алуы мүмкін. Қосылған аспапты қараусыз қалдырмаңдар, бұл өртке себепші болуы мүмкін.

Күйдіргішті электр желісіне қосқанда оның ұштығы қызады, ағаш бетіне тигізгенде дақ, нүкте, сызық іздерін қалдырады. Осылайша сурет салуға болады.

Кез келген құрғақ ағаш бетін күйдіруге болады. Сурет сапалы шығу үшін қайың, көктерек, терек, жөке ағаштары өте қолайлы.

Көшіруден бұрын ағаш беті зімпара қағазымен мұқият ысып тазартылады. Сурет көшірмелеуші қағаздың көмегімен түсіріледі.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 4

Визуалды өнер 6
§ 1. Өнердегі заманауи техника мен ғылыми жетістіктер. Табиғаттағы микросуреттер 6
§ 2. Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар (поп-арт, инсталляция). Өздігінен ізденіс зерттеулері 10
§ 3. Қазақстанның заманауи суретшілері 16
§ 4. Өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізіндегі тәжірибе жұмысы (2D немесе 3D форматта) 21

Сәндік-қолданбалы өнер 22
§ 5. Пирография өнерімен танысу 22
§ 6. Көркем күйдірудің тәсілдері және техникасы 26
§ 7. Эскиз орындау. Материал таңдау және дайындау 30
§ 8. Бұйымды көркем күйдіру. Безендіру 34
§ 9. Жұқа қаңылтырға басып бедер салу 36
§ 10. Былғарыдан бұйым жасау 38

Дизайн және технология 42
§ 11. Дизайн. Бұйымның дизайны 42
§ 12. Ағашты механикалық өңдеуге арналған құрал-жабдық 46
§ 13. Ағашты механикалық өңдеу жұмысын ұйымдастыру 48
§ 14. Ағаш бұйымды жобалау. Материалды таңдау және дайындау 52
§ 15. Бұйымды дайындау. Тетіктер мен материалдарды механикалық өңдеу. Бұйымды сәндеу 56

Үй мәдениеті 60
§ 16. Ауыл шаруашылығындағы заманауи техника және жабдықтар 60
§ 17. Тұрмыстық құрал-жабдықтар мен электрарматураны жөндеу 64
§ 18. Тұрғын үй экологиясы. Үйдегі микроклимат 70

Қауіпсіздік техникасы ережелері 74

Сөздік 76

Қосымша әдебиеттер тізімі 78